



## «ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚ БАНКІ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жыл сайынғы стандартты ақпараттандыру аясында «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 102-бабы 3-тармағының талабына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен (отырыстың 2021 жылғы 10 наурыздағы № 14 хаттамасы) бекітілген Рұқсаттама бастамашыларымен ақпараттар ашудың ережелеріне 1-қосымшаның 3-кестесінің 9-тармағына сәйкес «Қазақстан Халық Банкі» АҚ (бұдан әрі – Банк) акционерлерінің жалпы жиналысының отырысын өткізбестен сырттай дауыс беру арқылы Банк акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысында қабылданған шешімге (2025 жылғы 30 сәуірдегі № 52 хаттама) сәйкес бір жай акцияға 29,64 теңге көлемінде 2024 жыл қызметінің қорытындылары бойынша Банктің жай акциялары (ISIN KZ000A0LE0S4) бойынша дивидендтер төлеу аяқталғаны туралы хабарлайды.

2025 жылғы 5 мамырдың басындағы (00 сағат 00 минут) жағдай бойынша (Алматы қаласының уақыты бойынша) дивидендтер алуға құқығы бар акционерлер тізіміне сай төленуі тиіс Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер сомасы **323 490 914 502,60** теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 90 263 717 544,00 теңгені құрады.

Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Банкте немесе бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде дивидендтер төлеу үшін өзекті деректемелері бар Банк акционерлеріне нақты төленген дивидендтер сомасы 2025 жылғы 22 мамырдан бастап (дивидендтерді төлеу басталған күн) 2025 жылғы 29 шілдені қоса алғанда **322 682 105 503,68** теңгені, оның ішінде базалық активі Банктің шығарылған жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар бойынша – 90 263 717 544,00 теңгені құрады.

Есептелген, бірақ акционерлердің өзекті деректемелерінің болмауына байланысты төленбеген, жалпы сомасы **808 808 317,20** теңге дивидендтерді Банк 2025 жылғы 04 тамызда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес талап етілмеген ақшаны есепке алу үшін «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ-да (бұдан әрі – Орталық депозитарий) ашылған шотқа аударды.

Сонымен Банк акционерлері Банк өзінің жай акциялары бойынша есептеген, бірақ акционерлер ала алмаған дивидендтерді алу үшін Орталық депозитарийге келесі мекенжайлар бойынша:

050040/A15P5B5, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8 үй, 163-тұрғын емес үй-жай (байланыс телефоны: +7 727 355 47 60, +7 727 262 08 46);

немесе қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Орталық депозитарийге трансфер-агент қызметін көрсететін «Қазпошта» АҚ кеңселеріне өтініш білдіруі қажет.

Ұқсас ақпаратты келесі сілтемелер арқылы табуға болады:

[https://kase.kz/files/emitters/HSBK/hsbk\\_dividends\\_140325\\_kz.pdf](https://kase.kz/files/emitters/HSBK/hsbk_dividends_140325_kz.pdf)

Банктің жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу мәселелері жөнінде қосымша ақпарат алу үшін акционерлер Топ капиталын басқару департаменті қызметкерлерінің +7 727 330 12 07, +7 727 244 76 94, +7 727 259 03 04, + 7 727 330 15 46, +7 727 259 05 99 байланыс телефондары бойынша хабарласуы қажет.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ